

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 1997 жылғы 13 тамыздағы N 134 бұйрығымен бекітілген Интернат үйлері туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 2000 жылғы 31 қаңтардағы N 21-О Бұйрық. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу басқармасы 2000 жылғы 17 наурызда өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп тіркелді. Тіркеу N 1086. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2006 жылғы 31 мамырдағы N 140-ө бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2006 жылғы 31 мамырдағы N 140-ө бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кіретін де, кірмейтін де орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік - органдардың нормативтік құқықтық актілері мен жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың актілерін мемлекеттік тіркеу ережесінің 13-тармағы 7-1) тармақшасына сәйкес Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2000 жылғы 31 қаңтардағы N 21-ө "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Интернат үйлері туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" бұйрығының күші жойылған деп т а н ы л с ы н . . .

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

М и н и с т р

"Қазақстан Республикасының зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 қарашадағы Заңына, "Ақылы қызмет көрсетулерден, демеушілік және қайырымдылық көмектерден, сондай-ақ мемлекеттік мекемелердің депозиттік сомаларынан алынатын қаражаттарды қалыптастырудың, пайдаланудың және есепке алудың тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 3 мамырдағы N 177 бұйрығына сәйкес және Интернат үйлері туралы ережені жоғарыда аталған құжаттарға сәйкес келтіру

қажеттігіне байланысты **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 1997 жылғы 13 тамыздағы N 134-ө бұйрығымен бекітілген Интернат үйлері туралы ережеге ұсынылып отырған өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Әлеуметтік даму департаментінің директоры А.М. Әміржановаға жүктелсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген сәтінен бастап күшіне енеді.

Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрлігінің
2000 жылғы 31 қаңтардағы
N 21 бұйрығымен бекітілген

**Қазақстан Республикасы Еңбек және
халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің
1997 жылғы 13 тамыздағы N 134 бұйрығымен
бекітілген Интернат үйлері туралы ережеге
енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар**

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 1997 жылғы 13 тамыздағы N 134 бұйрығымен бекітілген Интернат үйлері туралы ережеге мынадай өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

1. Қарттар мен мүгедектерге арналған жалпы үлгідегі интернат үйлері туралы е р е ж е д е :

7-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Интернат үйінің бюджеттік қаражатынан басқа интернат үйінің "Ақылы қызмет көрсетулерден түсетін қаражат" деген ағымдағы шотына аударылатын және мақсатты орны бойынша материалдық-техникалық қамтамасыз етуге, тамаққа, медициналық көмек көрсетуге, әлеуметтік-тұрмыстық және еңбекпен оңалтуға бағытталған шараларды жүзеге асыруға, мәдени-бұқаралық жұмыстар жүргізуге, еңбекпен емдеу шеберханаларын, қосалқы шаруашылықты дамытуға, еңбек процестеріне белсенді қатысушы қамқорлықтағыларды мадақтауға, қосалқы шаруашылық, еңбекпен емдеу шеберханаларының қызметкерлеріне еңбекақы төлеуге жұмсалатын, жарғылық мақсаттарға сәйкес заңдарда белгіленген тәртіппен қосалқы шаруашылықтың, еңбекпен емдеу шеберханаларының қызметінен, ақылы қызмет көрсетулерден алынатын

қаражаттары болуы мүмкін";

7-тармақ мына мазмұндағы жаңа абзацпен толықтырылсын:

"Жеке және заңды тұлғалардан демеушілік және қайырымдылық көмегі ретінде түсетін қаражаттар интернат үйінің шотына демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету үшін аударылады және олар өз бағытында жұмсалады";

8-тармақта "астаналық, облыстық және Алматы қалалық әкімшіліктердің" деген сөздер "облыстардың, Астана және Алматы қалаларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Интернат үйлерінде тұратын адамдарға зейнетақылар мен жәрдемақылар қолданылып жүрген заңдарға сәйкес төленеді";

24-тармақ мына мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Шеберханалар мен қосалқы шаруашылықтарда жұмыс істегені үшін мүгедектерге еңбек заңдарына сәйкес жалақы төленеді".

2. Ақыл-ойы кеміс балаларға арналған интернат үйлері туралы ережеде :

7-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қосалқы шаруашылықтың, еңбекпен емдеу шеберханаларының қызметінен, ақылы қызмет көрсетулерден түсетін ақшалай қаражаттар интернат үйінің "Ақылы қызмет көрсетулерден түсетін қаражат" деген ағымдағы шотына аударылады және мақсатты орны бойынша материалдық-техникалық қамтамасыз етуге, тамаққа, медициналық көмек көрсетуге, әлеуметтік-тұрмыстық және еңбекпен оңалтуға бағытталған шараларды жүзеге асыруға, мәдени-бұқаралық жұмыстар жүргізуге, еңбекпен емдеу шеберханаларын, қосалқы шаруашылықты дамытуға, еңбек процестеріне белсенді қатысушы қамқорлықтағыларды мадақтауға, қосалқы шаруашылық, еңбекпен емдеу шеберханаларының қызметкерлеріне еңбекақы төлеуге жұмсалады";

7-тармақтың 3-абзацы мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

"2000 жылдың 1 қаңтарынан бастап қамқорлықтағыларға жәрдемақылар қолданылып жүрген заңдарға сәйкес төленеді";

15-тармақ мына мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Тәрбиеленушілердің мүліктік мүдделерін (жәрдемақы алу, мүлкіне ие болу және т.б.) қорғау үшін қажет болған жағдайларда және заңдарда көзделген тәртіппен мүлікке қамқоршы тағайындалуы мүмкін";

16-тармақтағы "4 жастан 16 жасқа дейін" деген сөздер "4 жастан 18 жасқа дейін" деген сөздермен ауыстырылсын;

20-тармақтағы соңғы сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

"18 жасқа толған тәрбиеленушілер медициналық айғақтамалары мен жүйке аурулары ауруханасы ДКК-ның қорытындылары ескеріле отырып ересектер

интернат үйлеріне ауыстырылады немесе ата-аналарының немесе жақындарының қалауымен үйіне шығарылады. Патологиялық жыныстық жағынан ерте есейген жағдайда медициналық айғақтамалары ескеріле отырып балалар 16 жастан бастап-ақ ересектер интернат үйлеріне ауыстырылуы мүмкін".

23, 26-тармақтардағы "мәдениет" деген сөз "ғылым" деген сөзбен ауыстырылсын;

29-тармақтағы 4-абзац алынып тасталсын;

3. Жүйке аурулары интернаты туралы ережеде :

7-тармақта: бірінші абзацтың бірінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Интернат үйінің бюджеттік қаражатынан басқа интернат үйінің "Ақылы қызмет көрсетулерден түсетін қаражат" деген ағымдағы шотына аударылатын және мақсаты орнымен материалдық-техникалық қамтамасыз етуге, тамаққа, медициналық көмек көрсетуге, әлеуметтік-тұрмыстық және еңбекпен оңалтуға бағытталған шараларды жүзеге асыруға, мәдени-бұқаралық жұмыстар жүргізуге, еңбекпен емдеу шеберханаларын, қосалқы шаруашылықты дамытуға, еңбек процестеріне белсенді қатысушы қамқорлықтағыларды мадақтауға, қосалқы шаруашылық, еңбекпен емдеу шеберханаларының қызметкерлеріне еңбекақы төлеуге жұмсалатын, жарғылық мақсаттарға сәйкес заңдарда белгіленген тәртіппен қосалқы шаруашылық, еңбекпен емдеу шеберханаларының қызметінен , ақылы қызмет көрсетулерден алынатын қаражаттары да болуы мүмкін";

екінші абзац алынып тасталсын;

18-тармақтағы "16 жастан асқан" деген сөздер "18 жастан асқан" деген сөздермен, "астаналық еңбек басқармасы" деген сөздер "Астана, Алматы қалаларының еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармалары" деген сөздермен ауыстырылсын;

21-тармақта "зейнетақы" деген сөзден кейін "жәрдемақы" деген сөзбен толықтырылсын;

21-тармақ мына мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Қамтамасыз етілушілер денсаулық жағдайына байланысты өздеріне тиесілі зейнетақыны немесе жәрдемақыны ала алмайтын немесе қамқоршысы болмаған жағдайда интернат үйінің әкімшілігі бұл туралы тиісті еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау органына хабарлайды және солармен бірлесіп интернатта тұратын адамды іс-әрекетке қабілетсіз деп тану және қолданылып жүрген заңдарға сәйкес мүлкіне қамқоршы тағайындау туралы шаралар қолданады " ;

24-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Шеберханалар мен қосалқы шаруашылықтарда жұмыс істегені үшін мүгедектерге еңбек заңдарына сәйкес жалақы төленеді".

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК